

## Көше атаулары туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Қызылкөл селолық округі әкімінің 2009 жылғы 30 сәуірдегі N 1 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 29 мамырда N 7-13-99 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы N 45 қаулысын, аудандық ономастикалық комиссия отырысының 2008 жылғы 23 маусымдағы N 5 ұйғырымына сәйкес **ШЕШІМ Е Т Е М І Н** :

1. Қызылкөл селолық округіне қарасты Шоқтыбай, Қызылкөл, Правда, Жанакүш, Үлгілі және Ақсұғым селоларының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

Шоқтыбай елді-мекенінің көшелеріне: Достық, Қопа, Ақсу;

Қызылкөл елді-мекенінің көшелеріне: Болашақ, Құмқұдық, Ақсұғым;

Правда елді-мекенінің көшелеріне: Атамекен, Бейбітшілік, Еңбек;

Жанакүш елді-мекенінің көшелеріне: Саға, Самалықсай, Елек;

Үлгілі қыстағының көшесіне: Елекшар;

Ақсұғым елді-мекенінің көшесіне: Қызылкөл.

2. Осы шешімді орындау барысында қажетті қаржы шығымдарын заңнамаларға сәйкес қарауды округ бас маман-есепші Е. Турмагамбетовке жүктелсін.

3. Осы шешімді орындау және қадағалау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылкөл селолық округінің әкімі*